



Бекітемін:
Мектеп директоры
Г.Т.Сергазинова



«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу- тәрбие жұмыс жоспары

Бекітемін:
Мектеп директоры
_____ Г.Т.Сергазинова

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу- тәрбие жұмыс жоспары

2024-2025 о.ж. Бозтал жалпы орта білім беретін мектеп туралы мәлімет

Мектептің миссиясы:

Жалпы орта білім берудің басты мақсатын табысты орындау, өз басымдықтары мен мүмкіндіктерін айқындау, дамып келе жатқан адамды қоғам талабына сай дайындау

Атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мекеменің мекен-жайы: Ақмола облысы ,Ерейментау ауданы

Бозтал а.о.,Бозтал а.Тәуелсіздік,№13 «б» үй
+77163336321

Мектеп типі: Жалпы орта білім беретін мектеп

Қайта мемлекеттік

тіркелген күні: 2021 жылғы 15 қаңтар

Мектеп директоры : Сергазинова Гульнара Темибулатовна

Директордың оқу ісінің орынбасары: Абыкеева Бекзат Конакбаевна
Армия Баян

Директордың тәрбие ісінің орынбасарлары: Кожаметова Алия
Жолжақсы Шәшу

I.Мұғалімдер саны: 23

Жоғары білімді: 19- 82,6%
Орта арнаулы 4 - 17,4%
Сырттан тыс оқытындар 2 - 8,6%

Психолог: 1

Жоғары білімді 1

Тәрбиеші: 1

Орта арнаулы білімді –1

Педагогикалық өтілі бойынша саралау:

Жас мамандар саны:	1
1-5 жыл	5
5-10 жыл	4
10-15 жыл	4
15-20 жыл	2
20 жылдан жоғары	7

Санат бойынша саралау:

Жоғары санат :	0	0%
I категория	0	0%
II категория	0	0%
Педагог-зерттеуші	0	0%
Педагог- сарапшы	4	17,3%
Педагог- модератор	12	52%
Категориясыз	7	30,4 %
Ер мұғалімдер саны	4	17,3 %

Мұғалімдерді әдістемелік жұмыс деңгейімен бөлу:

Әдістемелік ұйымдар	4
Шығармашылық топ	1

Оқушылар саны: 127

Сабақтар аусымы	1 аусымда		
	буын	саны	класс/комплект
Сыныптар саны	1-4	4	4
	5-9	5	5
	10 -11	2	2

Мектептің жұмыс тәртібі

I-ауысым	Сабақтың басталуы	Сабақтың уақыты	Сабақтың аяқталуы
1- 11 сыныптар	8.30 сағ.	45 мин.	14.30 мин

Материалдық-техникалық базаның жағдайы:

Мектепте 1 спорт залы, 1 спорт алаңы, 60 орындықты асхана, 1 компьютер класы /9+1ден/, жаңа модификациядағы биология, физика кабинеті 2 жаңа компьютер, жаңа талапқа сай 2 интербелсенді тақта, 1 шеберхана /ағаш өңдеу/ қызмет көрсету кабинеті, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, психолог кабинеті, кітапхана, алғашқы әскери дайындық кабинеті бар. Кітапхана қоры -7537 дана, оқулықтар саны-3181, оқырмандар саны – 166.

Пән кабинеттерінің 15 құжаттандырылған. /математика-1, ағылшын тілі-1, информатика-1, қазақ тілі-1/, шеберхана-1, орыс тілі-1/, бастауыш кабинеттері-4, география-1/ ,биология-1/, тарих-1/, физика-1, АӘДжТ-1

Бозтал орта мектебінің 2023-2024 о.ж. оқу-тәрбие процесінің талдауы

Мектептің жұмыс тақырыбы: Оқу -тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды пайдаланып, тұлғаның дамуын қалыптастыру.

Мақсаты: Технологияны пайдалануда тұлғаның дамуын қалыптастыру жолдарын жүзеге асыру. Бәсекеге қабілетті білім деңгейін дамыту. Оқу-тәрбие үрдісінде аралық нәтижелер мен білім саласындағы жаңаруды бақылау. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен шығармашылығын қалыптастыру

Мақсаты:

1. Білім беру сапасының және тәрбие жүйесінің басқару жұмысы мен нәтижесін анықтау;
2. Әдістемелік жұмыс жүйесінің жұмысы мен нәтижесін анықтау

2023-2024 о.ж. мектептің жұмысы мектеп жұмысының жоспарының негізгі бағыттары бойынша ұйымдастырылды:

- нормативтік оқу құжаттардың орындалуы;
- педагог кадрлармен жұмыс;
- оқу-тәрбие үрдісін басқару;
- тәрбиелік жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- материалдық-техника базасын жетілдіру

Кадрлармен қамту

2024-2025 о.ж. басында мектебіміз педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Жыл басында 23 мұғалім істеуде, 2 мұғалім қоса атқарушылар. Жоғары білімді 19-82,6% мұғалім, орта арнаулы - 3 - 17,4% мұғалім. Оның ішінде 4 (20%) бастауыш сынып мұғалімі, 2 (8,6%) қазақ тілі мен әдебиет, 2 (8,6%) мұғалім орыс тілі мен әдебиет пәнінен, 2 (8,6%) ағылшын тілі, 2 (8,6%) мұғалім математика, 1 (4,3%) информатика, 1(4,3%) география, 3 (13,4%) тарих, 2 (8,6%) технология пәні мұғалімі, 2 (8,6%) дене шынықтыру мұғалімі, 1(4,3%) физика мұғалімі. Одан басқа мектепте психолог, медбике, тәрбиеші жұмыс атқарады.

Квалификациялық деңгейі бойынша сапалық құрамы келесіні көрсетті: зерттеуші жоқ (0%), сарапшы- 4 (17,3%), модератор- 12 (52%) бірінші санатты – 0 (0%), санатсыз- 7 (30,4 %) мұғалім еңбек етеді.

Жас мамандар 5 жылға дейін – 8 мұғалім (35%), 5 жылдан 20 жылға дейін – 15 мұғалім (35 %), 20 жылдан жоғары – 7 мұғалім (30%).

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген оқушылар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы. Бозтал жалпы орта білім беретін мектептің ұжымы барлық іс-әрекетін, күш-жігерін осы мақсатпен мектептің даму бағдарламасын, жылдық жоспарын жасап, жұмыстар ұйымдастырды. 2023-2024 оқу жылын 118 оқушы аяқтады және 3 оқушы мектепалды даярлық тобында тәрбие алды.

- Бастауыш буында – оқушы 32 (4/4 сынып-комплект);
- Негізгі буында – 65 оқушы (5/5 сынып-комплект);
- Жоғары буында – 12 оқушы (2/2 класс-комплект).

«Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылында шағын орталықтағы бүлдіршіндерді оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен 1 және 2-қосымша болып тіркелді.

Мектепалды даярлық тобының бүлдіршіндері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20- желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымшасы арқылы жүзеге асырылды.

Инвариантты оқу жүктемесі мектепалды даярлық сыныбында – 20 сағат.

1. 1-4 сыныптарды оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8- қарашадағы №500 бұйрығы, өзгерісімен ҚР Оқу ағарту министрінің 18.08.2023 ж №264 бұйрық енгізілген өзгерістерімен үлгілік оқу жоспары 1- қосымша
2. 5-9 сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 ж. 12 қарашадағы №365 бұйрық енгізілген өзгерістерімен үлгілік оқу жоспары 6-қосымша
3. 10-11 сыныптар жаратылыстану- математикалық бағыт бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы №500 бұйрығына ҚР Оқу ағарту министрінің 30 қыркүйектегі №412 бұйрық енгізілген өзгерістерімен үлгілік оқу жоспары 86-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін пәндердің, элективті курстардың және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда ана тілі, музыка, бейнелеу өнері, технология пәндерінің аясында іске асырылады, сабақтан тыс мерзімде, сынып сағаттары есебінен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында: 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады.

9 сыныптар үшін міндетті түрде «Зайырлылық және дінтану негіздері» жаһандық күзiреттiлiк курсына енгiзiлдi, оқытуға 1 сағат апталық жүктеме берiледi. Осы бағыттар бойынша оқушылардың қызығушылық қабiлетiн, келешекте ие болуға тиiстi мамандыққа бейiмделуiн қанағаттандыру үшін төмендегiдей пәндерден қолданбалы курстар жүргiзiледi.

2023-2024 жылғы оқу жоспарына талдау

Бозтал ауылының жалпы орта бiлiм беретiн мектебiнiң 2022-2023 оқу жылында шағын орталықтағы бүлдiршiндердi оқыту Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрiнiң 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1 және 2-қосымша арқылы жүзеге асырылды.

Мектепалды даярлық тобының бүлдiршiндердi оқыту және тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрiнiң 2012 жылғы 20-желтоқсандағы №557 бұйрығына 3- қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

1-11 сыныптарды оқыту Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрiнiң 2012 жылғы 8- қарашадағы №500 бұйрығына 1-4 сынып 1- қосымша, 5-9 сыныптар 6- қосымша, 10-11 сыныптар 86 –қосымшаға сәйкес жалпы бiлiм беретiн пәндердiң, элективтi курстардың және факультативтердiң үлгiлiк оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

1 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 19,5

2 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 24

3 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 26

4 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 26

5 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 28,5

6 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 28,5

7 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 31,5

8 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 32,5

9 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 34

10 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 35 сағат

11 -сыныпта вариативтiк сағатты қоса алғанда барлығы 35 сағат

«Бiлiм берудiң барлық деңгейiнiң мемлекеттiк жалпыға мiндеттi бiлiм беру стандарттарын бекiту туралы» Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрiнiң 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негiзiнде "Жолда жүру ережелерi" оқу курсының мазмұны 2 тарау §1 25 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелерi» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан **сынып сағатында өткiзiлдi.**

Сыныбы	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
1	05	17		26			19	02	21
2	06			05,26			05,12		21
3	06	05		26			05	12	21
4	05	17		26			12	16	21
5	05	03	28	26	16	20	12	02,23	21
6	05	10	07,28	05,26	16,30		12		21
7	05	10	07	26	09	20	12	09	21,25
8	05	24	21	26	16	20	12	16	21,24

«Өмiр қауiпсiздiгiнiң негiздерi» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында: 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесi 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалiмiнiң оқытуымен iске асырылады; 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесiмен дене шынықтыру мұғалiмiнiң оқытуымен iске асырылды. орындарының базистiк оқу жоспары басшылыққа алынды.

"Өмiр қауiпсiздiгi негiздерi" интеграцияланған бiлiм беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберiнде iске асырды.

10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушысының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілді.

Сын ыбы	қыркүйе к	қазан	қараша	желтоқ сан	қаңтар	ақпан	наур ыз	сәуір	мамыр
1		04 д/тан 11 д/тан 18 д/тан	22 д/тану	20 д/тану	10 д/тан				
2	08 д/тан		24 д/тан	15 д/тан	19д/тан			19 д/тан	03 д/тан
3	08 д/тану		24 д/тан	15д/тан	10 д/тан			19д/тан	03 д/тан
4	21 д/тану	26 д/тан	30 д/тан	21,28 д/тану		02,22 д/тан	14 д/та н	18 д/тану	23д/тан у
5	01,04,05, 08		06,07,1 0		08,09,1 215			01,02,05,08	
6	01,04,06, 08		06,08,1 0		08,10,1 215			01,03,05,26	
7	04,06,07, 11	02	06,08,0 9		08,10,1 115			01,03,04	
8	01,05,07, 08		07,09,1 0		09,11,1 216			02,04,05,09	
9	01,04,06, 08		06,08,1 0		08,10,1 215			01,03,05,08	
10	05,06,07, 12		07,08,0 9		09,10,1 116			02,03,04,09	
11	05,06,07, 12		07,08,0 9		09,10,1 116			02,03,04,09	

Шәкірттерді тәрбиелеу, оқыту барысында білімдерін дамыту- бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мол шығармашылық мүмкіндікті, ептілікті, шапшандықты түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына бұра білу қабілеттілігін арттырады. Базалық білімдерін толықтырып және тереңдетуге көмектеседі.

Вариативтік бөліміне балалардың қызығушылығы мен таңдауы бойынша сабақтар кіреді. Бұл бөлім вариативтік компоненттерінен тұрады. Оның саны бастауыш сыныптарда 4 сағат: 1- сыныпта – 1 сағат, 2- сыныпта– 2 сағат, 3- сыныпта – 1 сағат, 4- сыныпта- 1сағат

Мұғалімнің басты міндеттерінің бірі- әрбір оқушының өз мүмкіндігін, қабілетін және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау. Осы міндетті орындауда оқушыға ой еркіндігін, жауапкершілік, ізденуге мүмкіндік беру мақсатымен қосымша сабақтардың атқарар рөлі зор. Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру. Білімдерін тереңдетіп, өз беттерінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Оқушылардың білімділік белсенділігін арттырып, коммуникативтік мүмкіндіктері кеңейтіледі. 5-9 сынып арасында «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы енгізілді. Алған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 3 сағат. 9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34

сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 10-11 сыныптарға «Жаһандық құзыреттілік» енгізіліп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген. Курстың мақсаты:білім алушыларды жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәелділігін , мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру

Оның саны 10- 11 «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

«Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасының» білім беруге қатысты бөлімінде 10 жылда білім беру жүйесі білім мен ақпарат беру деңгейінен сол ақпараттар мен білімді пайдалана алу және үздіксіз оқуға үйрету деңгейіне дейін өзгереді делінген. Заманға қарай дана ойлай алатын ұрпақтар қажет. Әр мұғалім оқушы бойына білім мен дағдыны ғана қалыптастырмай, олардың ойлау қызметі мен қабілетінің дамуына өте көп көңіл бөлуі тиіс. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып, шығармашылық белсенділігін арттыруды көздейтін бағдарлама.

10-11 сыптарға элективті курс 1 сағат, оқу жылында 34 сағат
2023-2024 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сын ыбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
1	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	«Жұмбақтар сандығы»
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	«Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті»
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	«Математика шыңы»
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Қызықты грамматика
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	Әдебиет әлемі
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Парасаттылық және әдеп
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Туған жер экологиясы
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Эмоционалды интеллект және сыни ойлау
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Медиасауаттылық
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Зайырлылық және дінтану негіздері
10	Жаһандық құзыреттілік	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері
10	Элективті курстар	«АКТ практикум»
10	Элективті курстар	«Есептер шығару технологиясы»
11	Жаһандық құзыреттілік	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері
11	Элективті курстар	«Математика пәнінен ҰБТ-ге дайындық есептерін шығару»
11	Элективті курстар	«Ақпараттық процесстер»

Мектептің оқу жоспарын талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:

1. 2023-20224 о.ж. мектептің оқу жоспары толық орындалды, оқу бағдарламалар өтілді.
2. Барлық сатылар бойынша үлгерім бір қалыпта. Білім сапасы соңғы жылдары тұрақты, **64 %- жеткілікті** деңгейде, үлгерімі **100 %**, **оптималды** деңгейде. Оқытудың сапалық деңгейі жоғары деңгейде қазақ әдебиеті және жаратылыстың математикалық бағыт бойынша химия, биология пәндерінен. Жеткілікті жоғары деңгейде география пәнінен. Ұтымды деңгейде: орыс тілі, қазақ тілі, математика, информатика, д/ж тарихы, қаз. тарихы пәндерінің көрсеткіштері. Ағылшын тілі пәнінен білім сапасы жеткілікті деңгейде. Мүмкіндік деңгейде геометрия., математика пәндері. Мұғалімдер сабақтарда жаңа технологияларды ұтымды және тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білімдерін көтеріп келеді, бірақ келесі кемшіліктер анықталды. Мектебімізде жас мамандар көп тәжірибе аздығы білім сапасына әсер етіп отыр, материалдық база өте төмен тіпті жоқтың қасы.

Мектепшілік бақылау

«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-нің 2023-2024 оқу жылына жасаған мектепшілік бақылау жұмысына талдау

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақылау, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талдау және сараптамалық баға беру. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы жағымды және жағымсыз тенденцияларды анықтау және бақылау үрдісінде әдістемелік көмек көрсетіп, озық педагогикалық тәжірибені тарату.

Міндеттері:

- білім саласындағы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру
- мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жағдайы туралы толық және жан-жақты ақпарат алу.
- мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.
- мектептегі білім сапасын арттыру.

Мектепшілік бақылау жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, өзгерістер 16.09.2021 №472 бұйрығы негізінде құрастырылды.

I. 2023-2024 оқу жылына қарастырылғын жұмыстар толығымен атқарылды. ҚР заңының төмендегідей нормативтік құқықтық құжаттары негізге алынды:

1. МЖМБС (ҮОЖ) орындауы
2. ҚР тәрбие тұжырымдамасын орындау.
3. Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы заң.
4. ҚР «Тіл туралы» Заңын орындау
5. Еңбек заңнамасын орындау.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
7. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»
8. «Білім туралы» заңы
9. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
10. ҚР БҒМ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.
11. Педагог мәртебесі туралы Заңы
12. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2021 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығындағы өзгерістер №365, 12.08.2022
13. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хат.
14. ҚР. Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, өзгерістер №472, 16.09.2021
15. Ағымдағы әдістемелік нұсқау хат, оқу жылының басталуы туралы ҚР ОАМ, білім басқармасының бұйрығы, білім беру саласындағы жоғары органдардың басқа да құжаттары
16. Қазақстан Республикасының Конституциясы

17.-«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы түсіндіру жұмыстары

18.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «бойынша Өз құқығыңды біл» акция

19.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес », туралы түсіндіру жұмыстары

20.«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсан

21.«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169

22.2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайын бақылау.

Жұмыс мазмұны:

1.Пәндер бойынша сабақтарға қатысу және талдау (әкімшілік)

2. Сынама тестілеу өткізу және оның талдау(әкімшілік)

3. Оқушылардың дәптерлерін тексеру (оқу ісінің орынб.)

4. Ұстаздардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру (оқу ісінің орынб)

5. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі (ғылыми қоғам жет.)

6. Оқу процесінің сапасын бақылау (оқу ісінің орынб.)

7. Тәрбие жұмысының талдау (әкімшілік)

8. Ата-аналар жиналысы (әкімшілік, сынып жетекшілері)

Талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау бөлімі бойынша мектеп қызметкерлері мектеп ережесімен таныстырылды,күнтізбелік тақырыптық жоспарлары әдістемелік бірлестікке арналған жоспарлар тексеріліп,бағдарламаға сәйкестігі анықталды.Оқушылардың жеке істерінің құжаттары тізімге сәйкес жинақталған.Мектеп номенклатурасы бекітілді. Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітаптың толтырылуы толықтай іске асырылды. Білім алушылардың есепке алу құжаттарымен жұмыс жүйелі түрде жүргізілді. Күнделік.кз электронды журнал жүйесіндегі мәліметтерді жаңарту,жүйелілігін бақылау, ҰББДҚ мәліметтерді жаңарту уақытылы жүргізіп отырды. Бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдау жүргізілуі уақытылы тексеріліп, ескертулер беріліп отырды. Оқушылардың дәптерлерінің талаптарға сай жүргізілуін, дәптерлерді тексеру жүйесі, мұғалімдердің кері байланыс жүргізуін бақылау, сынып және үй жұмыстарының көлемі, орфографиялық талаптарды сақтауы, физика, химия, биология пәндері бойынша зертханалық жұмыстардың жүргізілуі бойынша тексеріс жүргізіліп, анықтамалар жазылды,жіберілген олқылықтар бойынша мұғалімдерге кері байланыс беріліп отырды.

Оқу процесінің сапасын бақылау. Оқу процесін ұйымдастыру мақсатында оқу жылының басында сабақ кестесі құрылып,білім алушылар мен педагогтердің оқу, еңбек тәртібін сақтауы бақылауға алынды. Үйірме, клубтар, секциялар, факультатив жұмыстарын ұйымдастыру және олардың жұмыс сапасы тексеріліп директор жанындағы отырыстарда қаралды, анықтамалары тіркелді. Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету деңгейін бақылау мынадай формада жүзеге асырылды сынып бойынша оқулық беру тізімдемесі құрылды.Сол тізімде бойынша берілген оқулықтар тексерілді.Сабақтардың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігін бақылау мақсатында алдын ала мұғалімдердің сабақтарына кіру кестесі құрылып, сол кесте бойынша мектеп басшылары тарапынан сабаққа бақылау жүргізілді, сабаққа қатысу парағы толтырылды. Қосымша білім берудің жағдайын бақылау мақсатында жаһандық құзыреттілік курсының, үйірмелердің жүргізілуін зерделеу жұмысы жүргізіліп, сабаққа қатысу парағы толтырылып, анықтама жазылды.

Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау. Өткен оқу жылындағы оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін кіріс бақылау жұмыстары алынды,мониторинг жүргізілді. Білім алуудағы олқылықтарды жою, білім алушылардың білімін толықтыру жұмыстарының жұмыс жоспары сапасын арттыру негізінде педагогтер мен білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылау арқылы білім алушылардың білімін толықтыру және әлсіз тұстарын жою бойынша жоспар құрылды сол жоспар бойынша жалпы білім беретін пәндерден тестер алынып әлсіз жақтар анықталды. ГЖБ қорытындысын бақылау, білім алушылардың білімін толықтыру және әлсіз тұстарын жою мақсатында тест алынды, талдау жүргізілді, мониторинг жасалды, онда төмен пайыз көрсеткен 8- сынып оқушыларының сабақтарына қатысып, сабаққа қатысу парағы, есеп берілді, жеке пән мұғалімдерінің есебі бірлестік отырысында қаралды. Білім сапасы төмен

сыныптардың сабақтарын бақылау, оқушылардың оқу күні ішінде алған ақпарат көлемін , оқушылардың бірыңғай талаптарды орындауын бағалау қазан, қаңтар айларында жүргізілді, сабақты бақылау парағы толтырылды, анықтама берілді. Талдау жұмысы, нәтижесі бірлестік отырыстарында қаралды.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі білім алушылардың мектеп/аудандық, облыстық, республикалық ғылыми жоба байқауларына, олимпиадаларға қатысуы: республикалық іс-шара «Ақбота» марафоны 11 оқушы жүлделі орын, «Кенгуру» ойын конкурсы 7 жүлделі орын, «Ақберен» сайысы 4 жүлделі орын, облыстық іс-шара бойынша 1 жүлделі орын, аудандық пәндік олимпиада бойынша 8 жеңімпаз, аудандық іс-шара бойынша 21 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Спорттық жарыстардан аудан бойынша 3 жүлделі орын. TIMS, PISA, PIRLS TALIS халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстарының жылдық жоспарын бақылау бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру қажеттілігі туындады. 2023-2024 оқу жылы желтоқсан айында мектебімізде «PISA мектеп үшін» оқушылардың жетістіктерін бағалайтын халықаралық зерттеу өтті. Зерттеу нәтижесі әлі шыққан жоқ, деңгейлері белгісіз.

Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау. Авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар жинақтарын дайындау барысында мектепшілік байқауға 3 мұғалім қатысты, өкінішке орай аудандық кезеңге бірде бір авторлық бағдарлама өткен жоқ. Мектебімізде жылда әдеттегідей 5 бірлестік бойынша мектепшілік семинарлар ұйымдастырылады. Семинарлар мынадай тақырыптар бойынша ұйымдастырылды: «Жаңа технологияларды қолдану» іс-тәжірибемен бөлісу семинары, «Оқу мен оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану» іс – тәжірибемен бөлісу семинары, «Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер», «Жаңа білімге- жаңа көзқарас» интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару, «Кіріктірілген сабақ-жаңа мазмұнда оқытудың тиімді тәсілі». «Ойнай отырып, оқимыз!».

Бақылау шеңберінде алдын ала сабаққа қатысу кестесі құрылып, мұғалімдерге ескертулер жасалып сосын барып мектеп әкімшілігі сабақтарға қатысады, күнделіктер мен дәптерлер тексерілді, сынып жетекшілерімен әңгімелер жүргізілді. Күнделік.кз электронды журнал жүйесіндегі мәліметтерді жаңарту, жүйелілігін бақылау, ҰББДҚ мәліметтерді жаңарту уақытылы жүргізіліп отырды. Оқушылардың жеке істерінің құжаттары тізімге сәйкес жинақталған. Мектеп номенклатурасы бекітілді. Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітаптың толтырылуы толықтай іске асырылды. Өткен оқу жылындағы оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін кіріс бақылау жұмыстары алынды, мониторинг жүргізілді. ТЖБ қорытындысын бақылау, білім алушылардың білімін толықтыру және әлсіз тұстарын жою мақсатында тест алынды, талдау жүргізілді, мониторинг жасалды. Қосымша білім берудің жағдайын бақылау мақсатында жаһандық құзыреттілік курсының, үйірмелердің жүргізілуін зерделеу жұмысы жүргізіліп, сабаққа қатысу парағы толтырылып, анықтама жазылды.

Көп нұсқалық және саралап оқыту жағдайында мектептің , мұғалімнің қызметін бақылаудың және нәтижені бағалау ерекше өзектілікке ие болады. Оқытудың ахуалын және сапасын сипаттайтын барлық параметрлерді зерделеу, анықтау және бағалау, бұл ахуалға әсер ететін факторлар мен себептеріні анықтау, білім беру үрдісінің кемшіліктері мен оның нәтижелерін түзету негізінде жатыр. Бағалаудың түпкі нәтижесін анықтау үшін оқушылардың барлық пәндер бойынша дайындық деңгейлерін зерделеу қажет. Оқушылардың дайындық деңгейлерін зерделеудің бір нысаны әртүрлі пәндер бойынша диагностикалау болып табылады.

Өткен жылғы жасалған диагностика нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің көбі бағдарламалармен қарастырылған білім мен біліктің базалық деңгейін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар білімнің жоғары деңгейі мен жақсы сапасын қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Шайхудинова А.С., биология пәнінің мұғалімі Байқалған Е., Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі-Секуова А.Т., орыс тілі пәнінің мұғалімі Копабоева Д.И. қамтамасыз етті. Олардың оқушыларының жетістіктері тұрақты жақсы және кездейсоқтық емес. Өткен жылы, табысты жұмыс істеген мұғалімдер- Копабоева Д.И., Шайхудинова А.С., Айтжанова Г.К.,

Олар оқушылардың білімдерінің жақсы нәтижесі мен жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Жас мамандар Жолжаксы Ш., Қолғанат А., Синтикова А.К., Қайрат А., Қайрбаева А.Д. сабақтарына кіріп талдау жасалды, жас мұғалімдердің оқыту әдістемесін меңгергендерін, сабақ берудің орташа нәтижесін көрсетті; бастауыш сынып

мұғалімдері жағынан оқушылары кез келген пәннен жүйелілікті меңгергендерін көрсетті, пән мамандары әр сабаққа тыңғылықты дайындықпен келеді, сабақ жоспарларын ұсынып отырды.

Осылайша, мектеп қызметін талдауға және жоспарлауға жүйелі түрде қарау, өткізілген түзету іс-шараларының нәтижелілігі, мектеп бітірушілердің мемлекеттік аттестаттауының нәтижелері, курстық дайындық шеңберінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру, мектепте өткізілетін семинарлар, мұғалімдердің аттестаттаудан табысты өтуі, оқушылардың олимпиадалық қозғалысы және ата-аналармен жұмыс, мектепшілік бақылау жоспары орындалғанын және оның басты міндеті- білім сапасын арттыру орындалғанын көрсетеді. Мектеп әкімшілігі мүшелерінің құзыреттілігі мен әдістемелік дайындық деңгейі оқу-тәрбие жұмысының барлық бағыттарын білікті басқаруды қамтамасыз етуге жеткілікті, орташа мөлшерде деуге болады.

Жоспарланған іс-шаралар орындалды, мектепшілік бақылаудың нақты жүйесі қалыптасқан: бақылау өткізу, анықтама жасау, бақылау нәтижелерін талдау, бұйрық шығару (қажет болған жағдайда).

Мектепшілік бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша әкімшілік пен пәндік бірлестіктердің өзара іс-ірекеттерін одан әрі жалғастыру, өзара бақылау мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану, жаңа оқу жылында өзін-өзі бақылауда жұмыс істеп жүрген мұғалімдер тобын атап көрсету.

Тұжырымдар мен ұсыныстар:

Бақылаудың нысандары мен әдістері педагогикалық ұжымның оқу жылына қойған міндеттеріне сәйкес келеді.

Әрі қарай шешуді талап ететін мәселелер:

1. Орта буын оқушыларының білім сапасын арттыру
2. Оқудағы және тәрбиедегі қиындықтарды анықтау және жеңу мақсатында ата-аналармен (оларды алмастыратын адамдармен) жұмысты күшейту.

Бақылау формалары: ағымды, тақырыптық, жеке шолу.

Мектеп құжаттамасының талдауы бойынша ұйымдастырушылық-басшылық құжатнама бар, педагогикалық кеңестің, директор жанындағы кеңестің хаттамаларында жазылып отырылады.

Педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің тақырыптары мектеп жұмысының жоспарына сәйкес, талқылауға шығарылған мәселелер әр түрлі және маңызды.

Номенклатуралық құжаттар қанағаттанарлық жағдайда.

Оқушылардың жеке іс қағаздары.

Оқу жылы барысында жеке іс қағаздары бірнеше рет тексерілді. Сынып жетекшілер сынып журналына жеке бас істердің нөмірін алфавиттік кітаптағы нөмірлерімен сәйкес жазған, оқушылардың кету немесе келу туралы мәлімет уақытында белгіленген.

Дәптерлер жағдайы

Бастауыш сыныпта қазақ тілінен, математикадан 1-ші жартыжылдықта екі рет дәптерлер тексерілді, орта буында қазақ тілінен, математикадан екі рет, химия, биология, физика пәндерінен бір реттен дәптерлер тексерілді. Тексеру қорытындысында мынадай ұсыныстар берілді: түгел дәптерлер қапталған болсын, орфографиялық талаптар орындалсын. Зертханалық жұмыстар нөмірленіп рет бойынша жүйеленсін

1,5 сынып оқушыларының адаптациясы

Бақылаудың негізгі мақсаты 1-ші сынып оқушыларының мектеп ережелеріне бейімделуі, 5-ші сынып оқушыларының орта буындағы талаптарын орындауы, бейімділігі. Осы мақсатпен 1,5 сыныптарда сабақтарға қатысу болды, 5 сыныпта бақылау үзігі алынды, психолог өз жұмысын ұйымдастырды. Анықтамалар директор жанындағы отырыста қаралды.

Фронталдық тексеру

Жыл ішінде білім сапасын айқындау және кемшіліктерді жою мақсатында 3 рет келесі пәндерден әкімшілік бақылау жұмыстары алынды: алгебра 7,8 сынып, 2 сыныпта математика, 4 сыныпта математика, қазақ тілі пәндерінен.

Негізі пәндер бойынша үш жылдың салыстырмалы қорытынды көрсеткіштері:


Пәндер бойынша көрсеткіштер

Үш жылдың қорытынды нәтижелері:

	2021-2022 о.ж		2022-2023		2023-2024	
	б/с%	ү/с%	б/с%	ү/с%	б/с%	ү/с%
Қазақ тілі	65	100	77	100	81,6	100
Қазақ әдебиеті	77	100	78	100	87	100
Орыс тілі	67	100	61	100	71	100
Ағылшын тілі	55	100	68	100	66	100
Математика	56	100	64,5	100	70	100
Физика	55,5	100	53,2	100	59	100
Информатика	89	100	100	100	100	100
Химия	72	100	70	100	69	100
Биология	72	100	72,2	100	73	100
География	74	100	72	100	74,3	100
Қазақстан тарихы	75	100	65	100	72	100
Дүниежүзі тарихы	74	100	64,4	100	75	100
Құқық негіздері			56,5%	100	75	100

Мектеп бойынша үлгерім мен білім сапасының 3 жылдық мониторингі

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Үлгерім сапасы	100 %	100 %	100%
Білім сапасы	56%	57 %	64%



2021-2022 оқу жылын 140+13 даярлық топты қосқанда оқушы аяқтады. Мектеп бойынша үздік оқушылар саны -21, екпінді оқушылар саны-51.

2022-2023 оқу жылын 137+10 даярлық топты қосқанда оқушы аяқтады. Мектеп бойынша үздік оқушылар саны -20, екпінді оқушылар саны-52.

2023-2024 оқу жылын 118+3 даярлық топты қосқанда оқушы аяқтады. Мектеп бойынша үздік оқушылар саны -19, екпінді оқушылар саны-51.

Білім сапасы соңғы 2 жылмен салыстырғанда **+7% өсті, 64 %-** мүмкіндік деңгейде , үлгерімі **100 %**, **оптималды** деңгейде.

Оқытудың сапалық деңгейі жеткілікті жоғары деңгейде география,қаз. тарихы, д/ж тарихы, биология,химия пәнінен. Ұтымды деңгейде:информатика,орыс тілі,қазақ тілі, қаз. әдебиеті көрсеткіштері. Ағылшын тілінен, математика, физика, пәндерінен білім сапасы жеткілікті деңгейде. Үлгерім сапасы барлық пәндерден 100%. Мұғалімдер сабақтарда жаңа технологияларды ұтымды және тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып,оқушылардың білімдерін көтеріп келеді,бірақ келесі кемшіліктер анықталды.

Мәселе	Себебі	Міндеттер	Шешу жолдары
Орта буында үздік оқушылардың аздығы	Сабақты дәстүрлі түрінде өткізу, сабақта көбінесе оқулықтағы материалды өту, оқулықта берілген тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды орындау кезінде тапсырманы оқушымен бірге, яғни оқушы өзі емес, мұғалімнің көмегімен орындау, әсіресе жас мұғалімдер арасында байқалады.Коррекциялық сабақтар деңгейі төмен,жүйе жоқ	Әдістемелік бірлестік жұмысы арқылы тиімді педагогикалық технологияларды қолдану; психолого-педагогикалық көмекті қажет ететін оқушыларды анықтау, оларға көмек көрсету	1. 1-2 «3» бар оқушыларға жеке көмек 2. Психологтың, мұғалімдердің бірлесіп жұмыс істеуі. 3. Жас мамандардың сабақтарына тәлімгерлердің жиі қатысу,әдістемелік көмек беру

9-сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы

2023-20224 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығы басшылыққа алынды.

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	қатысқаны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%	
2023-2024	9	16	16	Математика	3	6	7	-	56%	
		16	16	Қазақ тілі	8	5	3	-	81%	
		16	16	Орыстілі	3	9	4	-	75%	
		Таңдау пәндері								
		4	4	Қазақ әдебиеті	3	1	-	-	100	
		11	11	Биология	1	10	-	-	100	
	1	1	Информатика	-	1	-	-	100		
	11	4	4	Алгебра және АБ	1	1	2	-	50	
		4	4	Қазақстан тарихы	2	1	1	-	75	
		4	4	Қазақтілі	2	1	1	-	75	
		4	4	Орыстілі	1	1	2	-	50	
		Таңдау пәндері								
		2	2	География	1	1	-	-	50	
2	2	Физика	-	2	-	-	100			

9- сыныпты 16 білім алушы аяқтады. 16 оқушының 5-еуі екпінді болды. Ол білім сапасының **32 пайызын** құрайды. 16 түлек түгелдей еңбекпен қамтылды. 9 оқушы арнаулы орта оқу орнына тегін бөліміне түсті, 2 оқушы колледжге ақылы бөліміне, қалған 5 оқушы оқуларын мектеп қабырғасында жалғастыруда.

11- сыныпты 4 оқушы бітірді, 2 оқушы екпінді боп аяқтады. 4 оқушының 4- еуі де еңбекпен қамтылды 2 оқушы жоғары оқу орнына Агротехникалық университетке тегін оқуға түсті, 2 түлек Астана Теміржол колледжіне тегін оқуға түсті.

Ғылыми - әдістемелік жұмыс

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Оқытудың жаңа педагогикалық инновациялық технологиясын қолданып, мұғалімнің кәсіби құзіретін жетілдіре отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру».

Мақсаты: Ұстаздардың кәсіптік шеберлігін арттыру бағытында үздіксіз жұмыс жүргізе отырып, оқушыларға терең де тиянақты білім беру. Оқу үрдісіндегі жаңа технологияларды зерттеп қолдану, шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздар еңбегін тарату, қабілетті оқушылармен жұмыс ұйымдастыру, жас мамандарға көмек көрсету.

1. Бәсекеге қабілетті жеке тұлға
2. Кәсіптік шеберлігі шындалған ұстаз
3. Жаңашыл ұстаз
4. Оқушы бойындағы дарындылық пен қабілеттілік

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысына талдау мақсаты:

Оқу жылына қойылған мақсаттар мен міндеттеріне сәйкес, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің кәсіби қажеттілігіне байланысты әдістемелік қамсыздандыру тұрғыдан мұғалімдердің кәсіби деңгейін анықтау.

2023-2024 оқу жылында әдістемелік жұмыстың басым бағыты «Білім берудің жаңа технологиялары – педагогикалық үрдістегі тиімділікті арттыру негізі» тақырыбымен белгіленді.

Негізгі мақсаты:

Мұғалімнің кәсіби құзырлығын арттыруға жағдай жасау.

Әдістемелік жұмыстың міндеттері:

1. Педагогикалық үрдіске қатысушылардың шығармашылық және кәсіби белсенділігі дамуының педагогикалық жағдайларына талдау жасау.
2. Мұғалімдердің әдістемелік құзырлығы мен өз бетімен білім алуының арттыру жүйесін жетілдіру.
3. Әлеуметтік сау тұлға ретінде оқушының тәрбие жүйесін жетілдіруге жағдай жасау.
4. Ақпараттық технологиялар негізінде жаңа білім беру ортасын әрі қарай дамуын қамтамасыз ету.
5. Пән мұғалімдеріне оқыту жаңа әдістемелерін қолдану және білім сапасының тиімділігін қолдану үшін жұмыстарына тиімді педагогикалық технологияларын қолдану.
6. Оқушылардың даму динамикасын байқайтын, әр оқытудың кезеңінде біліктіліктің деңгейін белгілейтін диагностикалық жүйесін әзірлеу.
7. Қазіргі заман талаптарына сәйкес білім деңгейін қамтамасыз ету.
8. Оқушылардың өз бетімен білім алу және өзін-өзі дамыту дербестігін өркендету.
9. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен саралап деңгейлеп оқыту жұмысын жетілдіру.
10. Дөңгелек үстел, мастер класс, ашық сабақтар өткізу.
11. Мұғалімдер аудан, облыс, республикалық сайыстарға қатысу.
12. Тәжірибемен алмасу үшін басқа оқу орындарымен, ғылыми зерттеу мекемелермен байланыс жасау, озат педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және енгізу.
13. Оқу жылы барысында әдістемелік күндерінің өткізілуін жоспарлау.
14. Әдістемелік жұмысын бағалау критерийлерін анықтау.

Күтілетін нәтиже:

- педагогтардың құзыреттіліктерінің дамуы

Мұғалімдер қол жетерлік білімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау, құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындай отырып, білім сапасын арттыру, өздігінен білім алу мен өздігінен дамуға қабілеті бар, адамгершілігі мол, үйлесімді және дені сау жеке тұлғаны дамытуға білімдерін, мүмкіндіктерін салды.

Мектепте 4 әдістемелік бірлестік жұмыс істеуде: бастауыш сынып бірлестігі, гуманитарлық бірлестік және политехникалық бірлестік және сынып жетекшілер бірлестігі.

ӘБ жетекшілері мектептің әдістемелік кеңесінің құрамында, олар жұмыстың негізгі бағыттарын үйлестіреді.

Әдістемелік жұмыстың ұйымдастыруында пәндердің оқытылу сапасының және оқушымен бағдарламалық материалдары игеру деңгейінің мониторингісі жүзеге асырылады.

Жыл ішінде тілдер апталығы, жаратылыстану-математика пәндер апталығы, қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығы, бастауыш сынып апталығы өтті, онда пән бойынша мұғалімдер сыныптан тыс іс-шаралар көрсетті.

Тілдер апталығында (қазақ, орыс, ағылшын тілдер) мақал-мәтел сайысы, викторина, әдеби кеш өтті және күнде әр таңертеңгілікте пәндерге қызуғышылық тудыру үшін қызықты шаралар өтті.

Математика, информатика апталығында әр таңертеңгілікте жұмбақтар шешілді, қызықты есептер шығарылды. Одан басқа мұғалімдер «Тапқыр информатиктер», «Графикалық суреттер», «Математикалық сайыс» математика-информатика пәндері бойынша зияткерлік сайыстар өткізді.

Технология, бейнелеу пәндердің апталығында «Үздік жоба» сайыс, «Үздік орындалған техникалық сурет» интеллектуалдық ойын, «Ең үздік сурет» сайысы өтті.

Өткен апталықтар ішінде әлсіз жағы: мектептегі іс-шараларға ата-аналар белсенді қатыспайды. Оқушылардың қатысуы да көңіл толарлық емес.

Бозтал орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында өткен онкүндіктер мен апталықтардың КЕСТЕСІ

Р/ №	Онкүндіктер мен апталықтар атауы	мерзімі
1	Тілдер апталығы	қыркүйек
2	“Сабақ барысында ойын технологиясын тиімді қолдану” тақырыбында шағын орталық, МАД тобының апталығы	наурыз
3	Эстетикалық пәндердің апталығы	қаңтар
4	Бастауыш сынып бірлестігінің апталығы «Жаңа әдістемелік технологияларды сабақта қолдану»	желтоқсан
5	«Оқу мен оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен жаңа технологияларды қолдану» математика-жаратылыстану апталығы	қараша
6	«Кіріктірілген сабақ – жаңа мазмұнда оқытудың тиімді тәсілі» тақырыбында қоғамдық-гуманитарлық бірлестіктің апталығы	ақпан

Бастауыш әдістемелік бірлестігінің жүргізілген жұмыстардың есебі

Бастауыш сыныпта жыл басында 58 бала, жыл аяғында 55 бала

Жыл басында:

1 сынып – 11 оқушы

2 сынып – 13 оқушы

3 сынып – 14 оқушы

4 сынып - 20 оқушы

Жыл аяғында:

1 сынып – 10 оқушы

2 сынып – 13 оқушы

3 сынып – 14 оқушы

4 сынып - 18 оқушы

Жыл бойынша

Сынып	Үздік	екпінді	Бір 4 - пен	Бір 3 – пен
2 сынып	5	4	-	-
3 сынып	4	6	-	-
4 сынып	2	8	-	-

БЖБ, ТЖБ 2,3,4 –сыныптарда математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану пәндері және аптасына 1 – сағат болатын дүниетану пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың өткізілетін күндері тексерілді.

Қосымша кітапшалар 1,2,3,4 – сыныптарда математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану пәндері бойынша және өткізілетін күні, уақыты тексеріліп бекітілді. Мектепшілік іс-шараларға бастауыш сыныптар белсенді қатысты.

2,3,4 – сынып оқушылары Кенгру интеллектуалды олимпиадасына қатысып, арнайы сертификат және мадақтамалармен марапатталды. 2-сынып оқушысы Құттыбек Медина «Суреттер сыр шертеді» аудандық сурет байқауына қатысып, 1 – орын алды.Сынып жетекшісі Жолжақсы Ш алғыс хатпен марапатталды. Мектепшілік «Бала дауысы» сайысы өткізілді. Келесі кезеңге өткен оқушылыр: Серик Елнұр, Сағын Амира, Жансұлтан Индира.

Бастауыш әдістемелік бірлестігінің 2022 – 2023 оқу жылында 23.01 – 30.01

аралығында бастауыш әдістемелік бірлестігінің

«Бастауыш – білім бастауы» тақырыбында өткізілген апталық жоспары талдауы 2022 – 2023 оқу жылында «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ -нің бастауыш әдістемелік бірлестігінде 5 – бастауыш мұғалімі қызмет етеді. Модератор – 2, Санатсыз- 3. Барлық мұғалімдр диплом бойынша мамандықтарымен қызмет етеді.

№	Өтілетін сабақ	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сынып	Пән	Мерзімі	Уақыты	Жауапты
Апталықтың салтанатты ашылуы							
1	Ашық сабақ	«Жуан және жіңішке айтылатын сөздер» «Қызықты сәт»	1	Ана тілі Сыныптан тыс іс-шара	24.01.2024 26.01.2024	9.20 – 10.05 15.15 – 15.45	Қолғанат А
2	Ашық сабақ	“Түбір мен қосымша ” «Қызықты сәт»	3	Қазақ тілі Сыныптан тыс іс-шара	25.01.2024 26.01.2024	10.20 – 11.05 15.15 – 15.45	Жолжақсы Ш.
3	Ашық сабақ	"Табыс септігі" "Ой мен ойын" танымдық сайысы	4	Қазақ тілі Сыныптан тыс іс-шара	26.01.2024 27.01.2024	9.20 – 10.05 15.05 – 16.50	Тулеубаева Р.А
4	Ашық сабақ	"Менің елімнің нышандары" "Ой мен ойын" сайыс	2	Дүниетану	26.01.24ж 27.01.2024	14.20 – 15.15 16.05 – 16.50	Жумабек ова М.С

5	Ашық сабақ	«Қозғалыс - денсаулық кепілі.» «Көңілді мәре»	2	Көркем еңбек Сыныптан тыс іс-шара	25.01.2024 30.01.2024	11.10 – 11.55 15.15 – 15.45	Рахимова Г.К
---	------------	--	---	--------------------------------------	--------------------------	--------------------------------	--------------

Апталық барысында математика, әдебиеттік оқу, дүниетану пәндерінен өткізілетін ашық сабақтар мен іс – шараларға оқушылар белсенді қатысты.

Апталықтың алғашқы күні, яғни 24.01 күні 1 -сыныпта ана тілі пәнінен ашық сабақ өткізді. Тақырыбы: «Жуан және жіңішке айтылатын сөздер». Өткізген мұғалім: Қолғанат А.

Мұғалімдер тарапынан айтылған ұсыныстар: Уақытты тиімді пайдалану. Сергіту сәті кеш өткізілді

Сабақтың өтілу деңгейі: Сабақ жоғары деңгейде өтті. Сабақ толық өз мақсатына жетті. Қызықты заман талабына сай әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Қолданылған әдістер: «Түсініп оқы, бейнежазбаны талдау, тақылау, сәйкестендіру кестесі, Оқушылар сабаққа белсенді қатысты.



25.01 Сейсенбі күні 2-сыныпта қазақ тілі пәнінен ашық сабақ өткізілді. Тақырыбы: «Түбір және қосымша» . Өткізген мұғалім: Жолжақсы Ш.

Мұғалімдер тарапынан ұсыныстар: уақытты тиімді пайдалану. Жұптық жұмыстың тапсырмаларына көңіл бөлу

Өтілу деңгейі: Сабақ жоғары деңгейде өтті. Толық мақсатына жетті. Заман талабына сай әдіс тәсілдер қолданылды. Әдіс тәсілдер: «Түтікше», бейнежазбамен жұмыс «Постер қорғау»



26.01 Бейсенбі күні 4-сыныпта қазақ тілінен ашық сабақ өткізілді. Сабақ тақырыбы: «Табыс септігі» Өткізген мұғалім: Тулеубаева Р.А.

Мұғалімдер тарапынан ұсыныстар: уақытты тиімді пайдалану. Сергіту сәтін өткізу

Өтілу деңгейі: Сабақ жақсы деңгейде өтті. Мақсатына жетті. Жаңартылған бағдарламаға сәйкес әдіс тәсілдер қолданылды. Әдіс тәсілдер: «Кездейсоқ есімдер», бейнежазба, «Сөзжұмбақ», «Мозайка»



